



№29 (854) 18.07.2025

E-mail: nurliolke@mail.ru
nurlyolke.kz

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА 4 МЛРД ТЕŇГЕГЕ САЛЫНҒАН БАЛАЛАР ҮЙІ 171 ТӘРБИЕЛЕНУШІНІ ҚАБЫЛДАЙДЫ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ АПАТТЫ ҒИМАРАТТА ОРНАЛАСҚАН БАЛАЛАР ҮЙІНІŇ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА ЖАҢАДАН БОЙ КӨТЕРГЕН ЗАМАНАУИ МЕКЕМЕГЕ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН КӨШІРІЛУДЕ. 180 ОРЫНҒА АРНАЛҒАН БҰЛ НЫСАН ЖЕКЕ ИНВЕСТИЦИЯ ЕСЕБІНЕН ТҰРҒЫЗЫЛЫП, ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАУІПСІЗДІК, ЖАЙЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ТАЛАПТАРЫНА ТОЛЫҚ ЖАУАП БЕРЕДІ.



Біздің редакция қатысқан пресс-тур аясында журналистерге Қонаев қаласындағы жаңа Балалар үйінің материалдық-техникалық базасымен танысуға мүмкіндік берілді. Шара аясында ғимараттың ішкі құрылымы, оқу және демалыс бөлмелері, спорт және мәдени кеңістіктер көрсетілді. Алматы облысы білім басқармасы мен мекеме өкілдері журналистер қойған сұрақтарға жауап беріп, балаларға жасалған жағдайлармен таныстырды.

Алматы қаласындағы Балалар үйінің ғимараты 1963 жылы салынған болатын. 2024 жылы «Астанақұрылыссервис» ЖШС жүргізген техникалық сараптама нәтижесінде нысан апатты деп танылып, әрі қарай пайдалануға жарамсыз деген қорытынды шығарылды. Сараптама барысында тірек конструкцияларынан жарықтар табылып, инженерлік жүйелердің тозғаны, ғимараттың сейсмикалық тұрақтылық талаптарына сәйкес келмейтіні, сондай-ақ санитариялық және өрт қауіпсіздігі нормаларының бұзылғаны анықталған. Сонымен қатар, асхана мен мәжіліс залы бір кеңістікте қатар қолданылған.

— Бұл жерде балалардың өмірі мен қауіпсіздігі туралы сөз болып отыр. Қателіктің құны — тым жоғары. Ескі ғимарат моральдық әрі физикалық тұрғыда ескірген. 1,8 млрд теңгеге жоспарланған күрделі жөндеу жобасы экономикалық тұрғыдан тиімсіз деп танылды. Сондықтан біз салмақты әрі жауапты шешім қабылдадық, — деді Алматы облысы білім басқармасы басшысының орынбасары Ақмарал Атенбекова.

Жаңа Балалар үйі жеке инвестордың 4 млрд теңге көлеміндегі қаражаты есебінен салынған. Нысан қазіргі санитарлық,

құрылыс және білім беру стандарттарына толық сай келеді. Ғимаратта кіші және ересек топтарға арналған бөлек асханалар, спорт және акт залдары, оқу, ойын, психологиялық көмек көрсететін бөлмелер және кең жатын орындар қарастырылған. Балаларға жайлы және қауіпсіз орта қалыптастыруда ғимараттың аймақтарға бөлінуі де нақты ескерілген.

Нысан өндірістік аймақтардан алыс, тұрғын үй массивтеріне және мәдени-көпшілік кешендерге жақын орналасқан. Ауласы абаттандырылып, ондаған ағаш отырғызылған. Журналистер нысанды аралау барысында жаңа мекеменің кеңдігіне, жабдықтарының жаңалығына және қауіпсіздік жүйелерінің толық қамтамасыз етілгеніне назар аударды.

Қазіргі таңда бұл мекемеде 171 бала тәрбиеленуде. Көшіру жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр.

Ең алдымен мектепке дейінгі және бастауыш сынып тәрбиеленушілері — барлығы 61 бала жаңа үйге орналасырылады. Қалған мектеп жасындағы балалар тамыз айының соңына дейін көшірілмек. Балалар Қонаевтағы №3 және №5 жалпы білім беретін мектептерде, сондай-ақ Шоқан Уәлиханов атындағы гимназияда оқиды. Оларды мектепке жеткізу үшін арнайы автобус қарастырылған.

Білім беру процесінен тыс уақытта балалар әртүрлі үйірмелерге қатыса алады. Жаңа Балалар үйінде шаштараздыққа, аспаздыққа, еңбекке баулу мен музыкаға баулитын кабинеттер ашылған. Сонымен қатар кітапхана, медициналық бөлмелер, демалыс аймақтары және кең ойын алаңдары жұмыс істейді. Бұл орта балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

— Жаңа Балалар үйі — бұл ең алдымен, әр бала үшін қауіпсіз және қолайлы орта, сондай-ақ тең мүмкіндік беретін мекен, — деді Ақмарал Атенбекова.

Инвестор тек Қонаев қаласындағы әлеуметтік жобамен шектелмей, Еңбекшіқазақ ауданында да жаңа бастамаларды қолға алған. 2025 жылы осы ауданда заманауи балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық орталықтың құрылысы басталмақ. Бұл орталық — өңірдегі ең ірі қосымша білім беру мекемесіне айналуы тиіс. Онда музыка, бейнелеу өнері, театр, робототехника, шахмат, тіл үйрену және IT бағытындағы үйірмелер мен студиялар жұмыс істемек.

— Мұндай орталықтардың ашылуы — балалар болашағына жасалған үлкен инвестиция. Біздің мақсатымыз — сапалы қосымша білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету. Бұл кеңістік жүздеген баланың дамуына серпін береді деп сенеміз, — деді Алматы облысы білім басқармасының бөлім басшысы Айжан Ізбасар.

Алматы қаласындағы бұрынғы апатты ғимарат алдағы уақытта қаланың коммуналдық меншігіне беріледі. Балаларды қолдау орталығының директоры Роза Жақанқызы да бұл шешімнің орынды екенін атап өтті.

— Балалардың қауіпсіздігі өте маңызды. Сондықтан оларды ескі ғимаратта қалдыра алмаймыз. Жаңа мекемеде жайлы және сапалы жағдай жасалған, — деді ол.



Еске сала кетейік, 2025 жылдың көктемінде әлеуметтік желілерде Алматы қаласындағы Балалар үйінің тәрбиеленушілері Қонаев қаласына көшуге қарсы пікірлерін білдірген видеожазбалар тараған болатын. Қоғамда бұл жағдай қызу талқыланып, түрлі көзқарастарға себеп болды. Аталған жағдайға байланысты Алматы облысының білім басқармасы ресми түсініктеме беріп, балалардың жаңа ортаға бейімделуі үшін психологиялық қолдау шаралары қарастырылып жатқанын мәлімдеді. Басқарма өкілдері көшіру процесі ерікті түрде, кезең-кезеңімен жүргізіліп жатқанын және тәрбиеленушілердің тұрмыс, білім, денсаулық сақтау қажеттіліктері толық қамтамасыз етілетінін хабарлады.

Аян ҚОНАРОВ

САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН СПОРТҚА АРНАҒАН

17 ЖАСЫНДА ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫН ТІЗЕ БҮКТІРГЕН

САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН СПОРТТЫ ӨРКЕНДЕТУГЕ АРНАП, ЕРЕН ЕҢБЕГІМЕН ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНІП ЖҮРГЕН АЗАМАТТАР АЗ ЕМЕС. СОЛАРДЫҢ БІРЕГЕЙІ РЕТІНДЕ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ СПОРТ САЛАСЫНА СҮБЕЛІ ҮЛЕС ҚОСҚАН ОРЫНБАЙ ТОЙЛЫБЕКОВТЫ АЙТУҒА БОЛАДЫ. ОЛ ӨЗ МАМАНДЫҒЫНА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІГІНІҢ АРҚАСЫНДА КӨПТЕГЕН ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН АРДАГЕР СПОРТШЫ.

Орынбай Бейсенбайұлы 1952 жылы 17 сәуірде Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы Төменарық станциясы жанындағы Қожамберді ауылында дүниеге келген. Классикалық күреспен жастайынан шұғылданып тоғызыншы класта оқып жүргенде, Қазақстанның құрама командасына кандидат болып қабылданады. 1969 жылы Алматы қаласында өткен Қазақстан командалық біріншілігінде әлем чемпионы, олимпиаданың күміс жүлдегері Владимир Бакулинді 4:3 ұпайымен ұтып, жеңіске жеткен 17 жастағы бозбаланың жұлдызы оңынан туып, жасөспірімдер арасында Алматы облыстық командасының капитаны болып бекітіледі.

1970 жылы Талғар қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы №2 орта мектепті бітіргеннен кейін, осы қаладағы облыстық балалар және жасөспірімдер спорт мектебіне жаттықтырушы-оқытушы қызметіне жұмысқа шақырылады. Отан алдындағы азаматтық борышын Семей қаласындағы спорт ротасында өтеп келген соң Талғар қаласындағы спорт мектебіндегі қызметін қайта жалғастырып, 1976 жылы Қазақ мемлекеттік дене тәрбиесі және спорт институтына сырттай оқуға түсіп, 1980 жылы ойдағыдай бітіріп шығады.

1976-1977 жылдары Нарынқол ауданындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің аға жаттықтырушы қызметін атқарған жылдары облыс бойынша Нарынқол ауданының спортшылары бірінші орынға ие болып, 15 оқушы Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы интернат шәкірті атанады. 1978-1979 жылдары Талғар қаласында аға жаттықтырушы-оқытушы жұмысына қайт оралып, 150 спорт шеберлігіне кандидат, 270-ке жуық разрядшы оқушылар дайындайды.

1980 жылдың қыркүйек айынан бастап Қапшағай қаласындағы облыстық спорт комитеті жанындағы балалар мен жастар спорт мектебінің бас бапкерлігіне тағайындалады. Тәлімді тәрбиесінің арқасында ол тәрбиелеген шәкірттері облыстық жарыстардың жеңімпаздары атана келе, Қазақстанның классикалық күрестен құрама командасына кандидат болып қатыса бастайды. Марат Тұрлыханов, Қ. Әділбеков, Б.Теңізбаев, С.Курятков, Р.Батырбеков, А.Қоқымбаев, Е.Бейсенбаев, В.Шингарей, И.Кудрявцев, А.Лушев, М.Ысқақов, В.Петров спорт шебері мен кандидат шебері жоспарын орындаса, Сергей Мизарных Қазақстанның 5 дүркін чемпионы атанады.

Облыстық спорт және дене тәрбиесі комитеті Орынбай Бейсенбайұлының еңбегін бағалай келе, оны 1992 жылы 25 мамырда Қапшағай қалалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры етіп тағайындайды. Орынбай Тойлыбеков 22 жыл жаттықтырушы-оқытушы, 16 жыл Қапшағай қалалық балалар мен жасөспірімдер мектебіне басшылық жасап ұлағатты ұстаздық, өнегелі де іргелі істерді атқарды. Ол қара-

пайымдылығымен, үлкенге ілтипат, кішіге қамқорлығымен елге сыйлы бола білді.

Шәмілге көмектесіп, азаматтық мәрттігін танытқан

Орынбай Тойлыбековты ардагер спортшылар: «Шәміл Серіков Олимпиада чемпионы болса да, елеусіз қалып қиналып жүргенде ешкімнен жасқанбай жұмысқа қабылдаған директор» деп әлі күнге дейін құрмет көрсетіп келеді.

Иә, 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасында Қазақстанға алғашқы алтын медальды сыйлаған Шәміл Серіковтың Қапшағай спорт мектебінде 3 жыл жұмыс істегендігін бүгін біреу білсе, біреу білмейді. Шәмілдің басына қиын-қыстау күндер туып, шарасыздықтан шаршап жүргенде, қорықпай көмектескен адам Қапшағай спорт мектебінің директоры Орынбай Тойлыбеков еді. Ол кезде республикалық спорт саласының басшылары тарапынан Шәміл Серіковты еш жерде жұмысқа алынбасын деген ауызша бұйрықтың үкімі қатал болатын. Бірақ соған қарамастан Орынбай Бейсембайұлы басына төнетін қауіп-қатерге қарамастан жолын тауып, жасырын түрде спорт мектебіне жаттықтырушы етіп орналастырады. Шәміл бұл жерде үш ай емес, 3 жыл жұмыс істейді. Бұны азаматқа тән Орекеңнің ермінезді мәрттігінен іздесек керек.

Шәміл Серіковтің 1980 жылы Мәскеу Олимпиадасында алты белдесудің төртеуін мерзімінен бұрын аяқтап, екеуін айқын басымдықпен жеңген сәті таспаланып қалды. Гиннес рекордтар кітабының мамандары Шәмілдің бір минут ішінде алты лақтыру жасағанын тіркеп, кітапқа енгізді. Әлемнің бұқаралық ақпарат құралдары Шәмілдің күрестің шынымен классикалық түрін көрсеткендігін жарысып жазғандығын ешкім ұмыта қойған жоқ.

Олимпиада чемпиондарына үш бөлмелі жаңа пәтер кілті тапсырылғанда, Шәмілге ескі екі бөлмелі пәтер берілді. Шәміл күресті қойып, жаттықтырушы болып, шәкірттерінің жеңісін көру бақытына ие болғысы келетінін айтқан өтінішіне ешкім құлақ аспады. Одан жаңа жеңістерді талап етті. Алайда, одан кейінгі жарыстарға ынтасыз қатысқандықтан жолы болмады. 1981 жылы БАМ құрылысшыларымен кездесуге барудан бас тартты, себебі ескі пәтеріне жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатқан болатын. Республиканың спорт басшылары Ш.Серіковке Олимпиадалық стипендиясын төлемеу туралы шешім шығарды. Тіпті Ауғанстандағы соғысқа да жібермекші болды, тек Шәміл құрамында болған «Динамо» спорт клубы әскери емес азаматтық болғасын, оларға ондай құқық берілмегендіктен аман қалады.

Ай сайын алып тұратын 680 сом олимпиадалық стипендия берілмегесін, отбасын асырау үшін қара жұмыс істеуге мәжбүр болды. Маусымдық қарбыз егетін кәрістермен қарбыз екті, піскен қарбызды өткізу үшін КамАЗ-ды күзетіп



баратын жерге апарды, жолда түрлі қауіп-қатерге де басын тігіп жүрді.

Бұл жөнінде Орекең: «Жұмысқа алу туралы өтініш жазып отырғанда Шәмілдің қолы қатты дірілдеді. Сонда мен: «Шәмілау, қолың неге дірілдеп тұр?» деп сұрадым. Шәміл: «Аға, менің екі балам бар, сіздің үш балаңыз бар. Өзім үшін емес, сіз үшін қорқып отырмын. Құртады ғой, осы үшін сіздің басыңызды алады» деді. Мен оған: «Қорықпа. Сен сияқты жігітке көмектеспегенде, кімге көмектесемін?» деп сабырға шақырған едім.

Шәмілдің Қапшағай спорт мектебінде жұмыс істеп жүргенін үш жылдан кейін ғана «Шаш ал десе, бас алатын» басшылар біліп қалып, Орынбай Тойлыбековтан оны жұмыстан шығаруға мәжбүрлейді. Тегеурінді қысым қойсын ба? Орекеңнің көнуден басқа амалы қалмай, Шәмілмен қоштасуына тура келеді. Шарасыздықтан шаршаған Шәміл Кәрімұлы Мәскеуге барып, КСРО Спорт комитетінің төрағасы Александр Пархоменкоға жолыққанда, ол таң қалып: «Алматыға қайта бер, жаңа штат ашқызып беремін» дейді. Алматыға келген бойда Қазақ КСР спорт комитетіне барғанда, ол штатқа басқа адамды алып қойыпты. Осылай әбден шарасы таусылып, өмірден түңіліп, салқын саясат салдарынан күрестен де, оның айналалындағы барлық игіліктен де қағылған Шәміл 1989 жылдың 22 қарашасында 33 жасында дүниеден өтті.

Шәміл Серіков атындағы тұңғыш турнирді және қатарынан 2 рет Қапшағай қаласында өткізудің ұйымдастырушысы да Орынбай Бейсенбайұлы болды. Одан кейінгі турнирлер Алматы қаласында жалғасты.

«2013 жылы Шәміл Серіковтың есімі Халықаралық біріккен күрес федерациясының FLA-нің Даңқ Залына алтын әріптермен жазылды. Бұндай құрметке ешқандай қазақ балуаны ие болған жоқ,

енді ие бола алмайтын да шығар» деп Орекең әңгіме арасында терең күрсіне отырып айтқан еді.

Ардагерлер ұйымының белсенді мүшесі Қазақстан Республикасының Құрметті спорт қайраткері, «За доблесть и честь» орденінің иегері, Қонаев қаласының Құрметті азаматы, спорт ардагері Орынбай Тойлыбеков зайыбы Күміс Аққойшықызымен екеуі ұлдары Талғат пен Болаттан, қызы Салтанаттан өрбіген Даниял. Абылай, Байғали деген немерелерінің ортасында шуақты тандарын қарсы алып, келіндері Назым мен Арайдың қызық-қуанышын бірге бөлісті.

Орынбай Бейсембайұлы Қонаев қалалық ардагер кеңесінің белді мүшесі болумен қатар, ұйымның спорт секторының жетекшісі. Ардагерлер тарапынан ұйымдастырылған шахмат пен дойбы және биллиард пен теннис ойындарының жарыстарында қазылар алқасының құрамынан табылып жүр.

-Спорт – ұлттың намысын айқындайтын, халықтың жанкүйерлік рухын көтеретін, деннің саулығын нығайтатын көрсеткіш болғандықтан соңғы жылдары Қонаев қаласында спортты дамытуға айрықша көңіл бөліне бастады. Спорттық инфрақұрылымдар жаңғыртылып, аулаларда жаңа спорт алаңдары көбейе түсті. Жалпы, адамның бойында туа біткен қандай да бір іске деген қабілеті болады, оны қолданса, дарындылығы байқалады, әрі қарай дамып, жетілдірсе, талантқа айналады. Дамытпаса, бойындағы қабілет жұмбақ түрінде қалып қояды. Спорт та, спортшы да сол сияқты. Спорттың кез келген түріне деген бірінші бойда қызығушылық керек. Ал оны әрі қарай дамыту спортшының өз қолында, – дейді спорт ардагері.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ

ВАУЧЕР – БАЛАНЫҢ БАЛАБАҚШАҒА БАРАР ЖОЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІНІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ 30 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ № 372 БҰЙ-РЫҒЫНА СӘЙКЕС ЕЛІМІЗДЕ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНА ВАУЧЕРЛІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛДІ. БҰЛ ЖҮЙЕ АТА-АНАЛАРҒА БАЛАБАҚША ТАҢДАУДА ЕРКІНДІК БЕРІП, БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ СА-ПАСЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН. ВАУЧЕР ДЕГЕНІМІЗ – БҰЛ МЕМЛЕКЕТТЕН АТА-АНАҒА БАЛАСЫН ЖЕКЕМЕНШІК НЕМЕСЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАЛАБАҚШАҒА БЕРУГЕ АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛАЙ ҚОЛДАУ ТЕТІГІ.

Шеңгелді ауылының «Ақбота» бөбекжай – балабақшасы 1 маусымнан бастап осы жүйе бойынша жұмыс істей бастады. Ата-аналар <https://gu.almobl.kz> порталы арқылы өтініш беріп, ваучер рәсімдейді. Ваучер баланың балабақшада болу құнының бір бөлігін жабады. Қаржыландыру балабақшаға тікелей баланың баруын растағаннан кейін беріледі.

Ваучердің артықшылығына тоқталар болсақ, ата-анаға қалаған жекеменшік немесе мемлекеттік балабақшаны еркін таңдауға мүмкіндік береді. Мемлекет есебінен төлем – ваучер сомасы балабақшаның бір бөлігін немесе толық ақысын жабады. Бала мектепке дейінгі біліммен қамтылады – кезек күтпей, уақытында балабақшаға баруына жағдай жасайды. Жекеменшік балабақшаларға қолжетімділік – сапалы қызмет алуға мүмкіндік артады. Бақылау мен әділеттілік – автоматтандырылған жүйе арқылы әділ бөлініс жасалады. Ата-ананың әлеуметтік жағдайы ескеріледі – кей жағдайда көбірек қолдау көрсетіледі.

Балабақшаға ваучер алу үшін <https://gu.almobl.kz> платформасына тіркелу арқылы өтініш беруге болады. Баланың ЖСН мен ата-анасының жеке куәлігі және ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңбасы) қажет. Мек-



тепке дейінгі ұйымға кезекке қойғанда баланың толық мәліметін толтырылып, балабақша таңдалады. Кезекте тұрған баланың ата-анасына балабақшада орын босаған жағдайда хабарландыру келіп, ваучер (жолдама) алуға ұсыныс түседі. Ата-ана ваучерді қабылдау арқылы өз келісімін береді. Ваучер берілген

күннен бастап 5 жұмыс күнге дейін жарамды. Осы 5 күннің ішінде ата-аналар баланың құжаттарын енгізіп үлгеру қажет.

«Ақбота» бөбекжай – балабақшасы осы уақытқа дейін ваучерлік жүйе арқылы 30 баланы қабылдады. Жүйе ата-аналармен кері байланысты нығайтып, мемлекеттік тапсырысты

орындауда тиімді құралға айналды. Болашақта бұл жүйе жетілдіріліп, мектепке дейінгі білім беру саласының сапасын арттыруға елеулі үлес қосатынына сенеміз.

**Айгерим ДҮЙСЕНОВА,
«Ақбота» бөбекжай –
балабақшасы»**

В КОНАЕВЕ ПОБЛАГОДАРИЛИ МОЛОДЫХ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ И ВРУЧИЛИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ГРАНТЫ

НА СЦЕНЕ ПОД ОТКРЫТЫМ НЕБОМ В РАМКАХ ПРАЗДНИЧНОГО МЕРОПРИЯТИЯ ASPAN FEST ПРОШЛО ТОРЖЕСТВЕННОЕ ВРУЧЕНИЕ БЛАГОДАРСТВЕННЫХ ПИСЕМ АКИМА ГОРОДА КОНАЕВ. МОЛОДЫЕ РЕБЯТА, ПРОШЕДШИЕ СРОЧНУЮ ВОИНСКУЮ СЛУЖБУ В РЯДАХ ВООРУЖЁННЫХ СИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, ПОЛУЧИЛИ ПРИЗНАНИЕ ЗА ДОБРОСОВЕСТНУЮ СЛУЖБУ И ПРОЯВЛЕННУЮ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ. ОБ ЭТОМ СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АКИМАТА ГОРОДА КОНАЕВ.

Церемонию награждения провёл заместитель акима города Төлеген Кенжебеков. Он отметил, что молодежь, принявшая участие в весеннем призыве 2024 года, продемонстрировала высокий уровень боевой и дисциплинарной подготовки, а также личную преданность делу защиты Отечества.

В знак признания их заслуг семь юношей стали обладателями государственных образовательных грантов по программе «Көктем – 2024», которая предусматривает поступление в ведущие высшие учебные заведения страны.

Гранты были вручены следующим военнослужащим:

- Досымбек Бекжан Акылбекулы – Казахский национальный университет имени Аль-Фараби;
- Наширбай Жасулан Азаматулы – Университет АЛТ имени Мухамеджана Тынышпаева;

- Медведик Владик Игоревич – Национальный исследовательский ядерный университет;
- Разумов Александр Юрьевич – Казахский национальный университет водного хозяйства и ирригации;
- Рудзинский Даниил Юрьевич – Казахский национальный технический исследовательский университет имени К.И. Сатпаева;
- Болатов Данияр Канатулы – Военный институт Сухопутных войск имени Сагадата Нурмагамбетова;
- Сәуірбай Абылай Азаматулы – Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи;
- Умаров Еламан Наурызбайулы – Алматинский технологический университет.

Как подчеркнули в акимате, вручение благодарственных писем и образовательных грантов стало заслуженным признанием службы, верности и ответственности молодых



защитников. Руководство города выразило уверенность в том, что приобретённые в армии знания и навыки станут прочной опорой в их дальнейшей профессиональной и личной

жизни. Молодым людям пожелали успехов в учёбе, новых достижений и активного участия в жизни общества.

Дина АМИРОВА

КАЗАХСТАН УКРЕПЛЯЕТ ПОЗИЦИИ НА ЕВРАЗИЙСКОЙ ТРАНЗИТНОЙ КАРТЕ

В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ ПОРУЧЕНИЙ ПРЕЗИДЕНТА КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА ВЕДЕТСЯ СИСТЕМНАЯ РАБОТА ПО УКРЕПЛЕНИЮ ТРАНЗИТНОГО ПОТЕНЦИАЛА СТРАНЫ. ЭТО СТРАТЕГИЧЕСКИ ВАЖНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ, НАПРАВЛЕННОЕ НА ЗАКРЕПЛЕНИЕ ЗА КАЗАХСТАНОМ СТАТУСА КЛЮЧЕВОГО ЛОГИСТИЧЕСКОГО ХАБА МЕЖДУ ВОСТОКОМ И ЗАПАДОМ, А ТАКЖЕ МЕЖДУ ЦЕНТРАЛЬНОЙ И ЮЖНОЙ АЗИЕЙ. ОБ ЭТОМ СООБЩИЛА ПРЕСС-СЛУЖБА ПРАВИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.

По словам Премьер-министра, на сегодняшний день железные дороги Казахстана работают на пределе своей пропускной способности. За последние пять лет общий объем транзитных перевозок увеличился на 50%, а по Транскаспийскому маршруту – в шесть раз. Только за 2023 год объем поставок из Китая в Европу вырос на 62% и достиг 4,5 млн тонн. В связи с этим по поручению Президента ведется масштабная работа по расширению пропускной способности на границе с Китаем.

«В этом году мы введем в эксплуатацию вторые пути железнодорожного участка Достык–Мойынты, а также объездную линию вокруг Алматы. В следующем году начнем развитие маршрута Дарбаза–Мактарал. Кроме того, будут реализованы проекты Мойынты–Кызылжар и Бахты–Аягоз. Все это позволит в ближайшей перспективе увеличить нашу пропускную способность до 10 млн тонн. Это масштабная работа, требующая зна-

чительных инвестиций, но мы осознанно идем на это, чтобы не упустить наше конкурентное преимущество», — отметил глава Правительства.

Особое внимание уделяется цифровизации транспортных процессов. Внедрение системы «Цифровой торговый коридор» на платформе TEZ Customs позволяет автоматически регистрировать и оформлять транзитные декларации. Благодаря этому время прохождения таможенных процедур сокращено с трех часов до 30 минут, что положительно сказывается на скорости и эффективности транзитных перевозок.

Одним из ключевых направлений также является развитие портовой инфраструктуры. В июне 2025 года в морском порту Актау был запущен контейнерный хаб, который станет важным элементом Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ) и позволит значительно увеличить объем обработки контейнеров.



Кроме того, в стране реализуется проект по строительству транспортного коридора «Центр–Запад». Его протяженность составит 899 километров, маршрут пройдет по направлениям Астана – Жантеке – Егиндиколь – Аркалык – Торгай – Иргиз. Реализация проекта запланирована на период с 2025 по 2029 годы.

По словам Премьер-министра, в ходе

строительства будет создано более 3,5 тысячи рабочих мест, на объектах будут задействованы свыше 1 тысячи единиц техники. Проект решает проблему отсутствия дорог на участках «Егиндиколь–Аркалык» и «Торгай–Иргиз», обеспечит прямой выход на западные регионы страны и станет стимулом для развития Аркалыка и Тургайского региона.

ҚАЗҰПУ СТУДЕНТТЕРІ ЖАҢА MINOR БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ АЛАДЫ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ 2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНАН БАСТАП «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» АТТЫ ЖАҢА MINOR БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ. ЖАҢА ОҚУ КУРСЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА МӘЖІЛІСІНДЕ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕРІН ОРЫНДАУ МАҚСАТЫНДА ӘЗІРЛЕНІП ОТЫР. ПРЕЗИДЕНТ МӘЖІЛІС БАРЫСЫНДА: «ЗАҢ – ӘР АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БОСТАНДЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАНЫ. БІЗ ОСЫ АҚИҚАТТЫ ТЕРЕҢ ТҮСІНЕТІН АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУЫМЫЗ ҚАЖЕТ», – ДЕГЕН БОЛАТЫН.

Министрліктің мәліметінше, «Заң мен тәртіп» Minor бағдарламасы студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыруға, азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға, құқық бұзушылықтар мен қоғамға жат әрекеттердің алдын алуға, сондай-ақ жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеуге бағытталған.

Бағдарлама университеттегі барлық білім беру бағыттарымен біріктіріліп, барлық мамандық студенттеріне қолжетімді болады. Бұл бастама пәнаралық білім беруді дамытып, студенттердің құқықтық және этикалық ойлау қабілеттерін кеңейтуге ықпал етеді.

Ведомство таратқан ақпаратқа сәйкес, жаңа бағдарлама арқылы студенттерге құқықтық негіздерді меңгеруге, заңнамалық процестерді түсінуге және заманауи құқықтық кеңістікте еркін бағдар табуға мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар курс жастар арасында құқықтық мәдениетті нығайтуға, заңға құрметпен қарау көзқарасын орнықтыруға сеп болады.

«Қазіргі таңда жастардың құқықтық

сауаттылығы мен заң алдындағы жауапкершілік сезімін дамыту – еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі», – деп атап өтті министрлік өкілдері.

Жаңа Minor бағдарламасы құқық негіздері, құқықтық этика, құқықтық мәдениет, азаматтық жауапкершілік сияқты пәндерді қамтитын болады. Бұл бағытта студенттер құқық қорғау органдарының жұмысымен танысып, қылмыстық және әкімшілік құқық негіздерін, сондай-ақ адам құқықтарын қорғау тетіктерін меңгереді.

Абай атындағы ҚазҰПУ басшылығының мәлімдеуінше, аталған бағдарлама студенттердің құқықтық білімін тәжірибемен ұштастыруына жағдай жасайды. Университет құқық қорғау және сот жүйесінің өкілдерімен бірлескен іс-шаралар, семинарлар мен тренингтер ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

Бағдарлама 2025 жылғы күзгі семестрден бастап іске қосылады. Алғашқы оқу жылында пилоттық негізде жүргізіліп, кейін толық форматта енгізіледі деп күтілуде. Министрлік тарапынан бағдар-



лама мазмұнына әдістемелік қолдау көрсетіледі.

Ресми дерекке сәйкес, білім беру процесінде құқықтық тақырыптарды кеңінен қамту арқылы студенттерді әлеуметтік

жауапкершілік пен заңды құрметтеу мәдениетіне баулу көзделіп отыр.

Шолпан ҚАРАЕВА



2025 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ ӨТЕДІ

Қазақстанда ауыл шаруашылығы саласындағы алғашқы санақ 1920 жылы жалпы халық санағымен қатар өткізілді. Қазан төңкерісінен кейінгі ауыл шаруашылығындағы өзгерістерді тіркеуге бағытталған бұл санақ ел аумағын толық қамтымай, толық мәлімет бере алмады. Санақ барысында шаруашылық қауымдастықтары, коммуналар, артельдер, кеңшарлар және өзге де кәсіпорындар есепке алынды. Сонымен қатар, ауыл тұрғындарының жеке шаруашылықтары, егістік және үй жанындағы жерлерге себілген дақылдар, малдың саны мен жыныстық-жас ерекшеліктері, ауыл шаруашылығы құрал-жабдықтары, қосымша кәсіптер мен табыс көздері туралы мәліметтер жинақталды.

Бұл санақ кезінде халықтың азық-түлікпен қамтылуы, астық қоры, бағалар деңгейі, жұмысшылар саны мен жалақысы, демографиялық деректер, жер мәселесі мен көшпелі халықты отырықшыландыру жайы қамтылған кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеулер көбіне экспедициялық әдіспен жүзеге асырылып, алғашқы картографиялық жұмыстар 1926 жылы жазда өткізілді. Қазақ АССР-і Статистика басқармасы демографиялық, санитарлық, еңбек, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және тұтыну салаларындағы статистикалық деректерді жинап, жыл сайынғы шолулар мен бағылымдарды қамтамасыз етті. Ал жергілікті деңгейде губерниялық және уездік статистикалық бюролар жұмыс істеді.

Тәуелсіз Қазақстандағы алғашқы ұлттық ауыл шаруашылығы санағы 2006–2007 жылдары өтті. Бұл санақ аясында еліміздегі 2,5 мың ауылдық және кенттік округ, 7,5 мың елді мекен қамтылып, 9 мыңнан астам заңды тұлға, 194 мың шаруа (фермер) қожалығы, 2,2 млн үй шаруашылығы және 560 мың саяжай тіркелді.

2025 жылы Қазақстанда Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өткізіледі. Бұл туралы шешім 2023 жылғы 26 сәуірде Мемлекет басшысының тапсырмасына және Үкіметтің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №1248 қаулысына сәйкес қабылданды. Санақ 2025 жылғы 1 тамыз бен 20 қазан аралығында өтеді. Бұл санақ ауыл шаруашылығы саласындағы құрылым мен жағдай туралы ресми статистикалық ақпаратты жинауға, өңдеуге және талдауға бағытталған және он жылда бір рет өткізіледі.

Санақ ауыл шаруашылығының нақты жай-күйін бағалауға, өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталған саясатты әзірлеу-

тындар) қатысады. Санақ барысында жер және егістік алқаптары, мал мен құс саны, ауыл шаруашылығы техникасы, мал шаруашылығы кешендері мен құс фабрикалары, өндірістік ғимараттар мен қоймалар туралы мәліметтер жиналады. Санаққа 5 мыңнан астам нұсқаушы мен интервьюер тартылады.

2024 жылы ауыл шаруашылығы санағының пилоттық кезеңі өткізілді. Пилоттық жоба 20 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында жүргізіліп, 54 елді мекен қамтылды. 32,4 мың үй шаруашылығының 27,1 мыңы (83,5%) санақтан өтті. Онлайн сауалнамаға 18,6 мың респондент қатысты, оның ішінде 13,3 мыңы ұйымдастырылған шаруашылықтар, 5,3 мыңы – жеке үй шаруашылықтары болды. Жалпы 45,7 мың респондент қамтылды. Санақтан бас тартқандардың үлесі – шамамен 2%. Сұралмаған нысандардың 36%-ы – иесіз немесе пайдаланылмайтын саяжайлар, 5%-ы – тұрғын емес ғимараттар. Пилоттық кезеңде ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық жүйелерінен алынған деректер біріктіріліп, респонденттерге SMS-хабарламалар таратылды.

Пилоттық санақтың оң нәтижелері ретінде жергілікті әкімдіктердің белсенділігін, ауыл шаруашылығы субъектілерінің жоғары дайындық деңгейін және халықтың онлайн сауалнамаға кеңінен қатысуын атап өтуге болады. Сонымен қатар қалалық және саяжай аймақтарында сауалнама жүргізудің қиындығы, интервьюерлердің құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілмеуі және жалған ақпараттың таралуы сияқты мәселелер де тіркелді.

Ауыл шаруашылығы санағы – мемлекет дамуы үшін маңызды науқан. Сондықтан аудан тұрғындарына алдағы болатын ауыл шаруашылығы санағына түсіністікпен қарап, белсенді қатысуға шақырамыз.

Токсеитов Самат Дулатович
ҚР СЖРА ҰСБ Алматы облысы бойынша департаменті,
Қонаев қаласы статистика басқармасының басшысы

ҚОНАЕВТА МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК ТАПСЫРЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

15 шілде күні Қонаевта Алматы облысы әкімдігінің жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңес Алматы облысының Азаматтық Альянсымен бірлесіп «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы ҰЕҰ қызметін мониторингтеу әдістемесі» тақырыбында жиын өткізді, деп хабарлайды әкімдік баспасөз қызметі. Жиынға облыстық Ішкі саясат, Дін істері, Білім, Денсаулық сақтау, Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармалар, сондай-ақ 9 аудан мен 2 қаланың ішкі саясат бөлімдерінің мамандары, өңірдегі белсенді үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық кеңес мүшелері қатысты.

Кеңес отырысында 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзеге асырылған жобалардың орындалуы талқыланып, келесі жылға қоғам үшін өзекті тақырыптарды іріктеу мәселесі қаралды. Сонымен қатар, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарға мониторинг жүргізу жүйе-



сін жетілдіру қажеттігі айтылып, мемлекеттік органдарға бұл бағыттағы жұмысты күшейту тапсырылды.

Іс-шара аясында халықаралық қатынастар саласы бойынша PhD докторы, профессор, қоғам қайраткері Қайыржан Саясатұлы Абдихалыковтың қатысуымен оқыту тренингі өткізілді. Ол мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдеріне «Әлеуметтік жобаларға мониторинг жүргізу әдістері», «Әлеуметтік лидерлік» және «Эмоциялық интеллект және soft skills дамыту» тақырыптарында дәріс оқыды. Тренинг соңында тыңдаушыларға арнайы сертификаттар табысталды.

Жиын нәтижесінде әлеуметтік жобалардың сапасын арттыру, олардың қоғамға ықпалын нақты бағалау және азаматтық сектор мен мемлекеттік құрылымдардың өзара іс-қимылын нығайту бағытында ұсыныстар берілді. Бұл қадамдар алдағы кезеңдегі мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру ісінде тиімділікті арттыруға ықпал етеді деп күтілуде.

Ерлік КЕБЕКБАЙ



ҚОНАЕВТА ЖАҒАЖАЙЛАР ЖАҢАРТЫЛЫП, ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ КҮШЕЙТІЛУДЕ

ЖАЗ МЕЗГІЛІНДЕ ЕЛІМІЗДІҢ СУ АЙДЫНДАРЫНА КЕЛУШІЛЕР САНЫ ЕСЕЛЕП АРТАДЫ. ТАБИҒАТЫ КӨРКЕМ, ТУРИЗМГЕ ҚОЛАЙЛЫ АЙМАҚТАРДА ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ЖАҒАЖАЙ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАРҒА САЙ ЖАҢҒЫРТУ, САНИТАРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – БҮГІНДЕ КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ. ОСЫҒАН ОРАЙ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҮКІМЕТКЕ ЕЛІМІЗДІҢ ТУРИСТІК АЙМАҚТАРЫН ТӘРТІПКЕ КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕ НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР БЕРІП, БАРЛЫҚ ӨНІРДЕ КЕШЕНДІ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖЕДЕЛ-ДЕТУДІ МІНДЕТТЕДІ.

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің тапсырмасы аясында Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаев туристік әлеуеті жоғары өңірлерге жұмыс сапарларын бастап, демалыс орындарының жай-күйімен танысты. Қонаев қаласындағы Қапшағай жағалауы – назарға алынған алғашқы нысандардың бірі болды. Вице-премьер өңір әкімдігіне солтүстік жағажайға апаратын жол құрылысын биылғы күзге дейін аяқтауды тапсырып, қызмет көрсету сапасы, баға саясаты, көлеңкелі экономикамен күрес, санитарлық талаптар мен қауіпсіздікті сақтау – жергілікті атқарушы органдардың басты міндеті екенін атап өтті.

Сапар қорытындысы бойынша қалалық әкімдікте қала әкімі Асхат Бердіхановтың төрағалығымен кеңес өтті. Оған тиісті бөлім басшылары мен коммуналдық қызмет өкілдері қатысты.

Кеңесте санитарлық жағдай, салықтық және әкімшілік міндеттемелердің орындалуы, фискалдық чектердің берілуі, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік мәселелері талқыланды. Қала әкімі жауапты мамандарға нақты тапсырмалар берді. Атап айтқанда, жағажайда қызмет көрсетіп жатқан кәсіпкерлердің құжаттарын қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру, чектердің берілуін қатаң бақылау, санитарлық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, «Дәретхана», «Медпункт», «Полиция» секілді көрсеткіш белгілер мен ақпараттық тақталар орнату, Бақылау орталығына қосылған бейнебақылау жүйесін енгізу, кіреберіс жерлерге шлаубаум орнатып, автотұрақ үшін төлем алу тәртібін бекіту, жағажай аумағын күніне үш рет тазалау, заңсыз электр желілеріне қосылуды болдырмау және №6, №7

жағажайларында жаяу жүргінші жолдарын салу тапсырылды.

Кеңестен кейін қала әкімі Асхат Бердіханов №6 жағажайды аралап, кәсіпкерлермен кездесті. Оларға заң талаптары түсіндіріліп, қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша міндеттер жүктелді. Әкімдіктің мәліметінше, №6 жағажайда 40-қа жуық кәсіпкерлік нысан жұмыс істейді. Барлығы басқарушы компаниямен келісімшарт жасасқан. Шарттарда кәсіпкерлердің күнделікті тазалық жүргізу, шезлонгтарды дезинфекциялау, қоқыс жәшіктері мен жарықтандыру құрылғыларын орнату, қауіпсіздік талаптарын сақтау міндеттері нақтыланған.

Бүгінде №6 жағажайда 45 қоқыс жәшігі, 10 контейнер және 3 дәретхана орнатылған. Санитарлық тазалықты 30 қызметкер және 2 арнайы техника қамтамасыз етеді. Қауіпсіздік үшін 10-нан астам құтқарушы мен медицина қызметкерлері кезекшілік етеді. Жағажай бейнебақылау

камераларымен жабдықталған, тұрақты мониторинг жүргізіледі. №5 жағажайда 6 дәретхана (28 кабина), 5 душ, 6 киім ауыстыру кабинасы, 30 қоқыс жәшігі, 40 бөшке және 25 контейнер бар. Мұнда жасанды интеллект элементтері бар бейнебақылау жүйесі енгізілген.

Қазіргі таңда №5 және №6 жағажайлар толық инфрақұрылыммен жабдықталып, қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді. Қалған жағажайларда тиісті жұмыстар кезең-кезеңімен атқарылып жатыр.

Қала әкімі Асхат Бердіхановтың айтуынша, Қонаев қаласында 8 жағажай бар. Өткен жылы бюджет есебінен №5 жағажай абаттандырылса, биыл жеке инвестор қаржысына оған жалғасқан 1 шақырым аумақ жаңартылып, пайдалануға берілді. Бұл өзгерістер қалаға келушілер санын едәуір арттырды. 2024 жылы Қонаевқа 1,5 миллион турист келсе, биылғы маусым аяқталмай жатып, олардың саны 860 мыңнан асты. №5 және №6 жағажайларына күн сайын 1500-ден 5000-ға дейін демалушы келеді, демалыс күндері бұл көрсеткіш 2–3 есеге артады.

Қалған жеті жағажай №5 жағажай үлгісіне сәйкес жаңғыртылады. Жобаларда санитарлық аймақтар, көгалдандыру, фудкорттар, кіші сәулет нысандары мен демалыс орындары қарастырылған. Жалпы ұзындығы 6,1 шақырым жағалау аймағы абаттандырылады. Бұл аумақ Рауан ықшам ауданынан бастап 18-ықшам ауданға дейінгі аралықты қамтиды. Қазіргі уақытта тек №5 жағажай толық іске қосылған. Қалған нысандар бойынша жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп жатыр. Шомылу маусымынан кейін №6 және №7 жағажайларында құрылыс жұмыстары басталады. №8 жағажай жеке инвестиция есебінен жаңғыртылады.



Коммуналдық балансқа кірмейтін 140 демалыс аймағы да жүйеленеді. Осы мақсатта бірыңғай дизайн-код әзірленеді. Онда жағажайлар мен демалыс орындарының сәулеттік шешімдері, санитарлық аймақтар, көгалдандырылған аумақтар, фудкорттар мен демалыс орындары ескеріледі. Қаланың шеткері жағажайларында орнатылған уақытша тапшандар мен көлеңке жабдықтары біркелкі әрі талапқа сай нысандармен алмастырылады. Қала әкімдігі кәсіпкерлермен бірлесе отырып, ортақ стандарт қалыптастыруды көздейді.

Жыл басынан бері Төтенше жағдайлар департаменті, Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы, прокуратура, полиция, еңбек және көлік инспекциясы, статистика басқармасы, Карьерлік орталық өкілдерінің қатысуымен төрттен астам кеңес өткізілді. Кәсіпкерлерге қауіпсіздік талаптары түсіндірілді, құтқарушыларды тегін оқыту, жағажай түбін тексеру, дайындық актілерін алу мүмкіндігі


ұсынылды. Кеңес қорытындысы бойынша тиісті хаттамалар жасалды.

Жағалаудағы қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мақсатында күн сайын 12 полиция қызметкері кезекшілік етеді. Демалыс және мереке күндері бұл қатарға Алматы облыстық полиция департаментінің қызметкерлері мен Ұлттық ұланның 3660 әскери бөлімінің сарбаздары қосылады. Маусым басталғалы бері 197 әкімшілік құқықбұзушылық анықталып, тиісті хаттамалар толтырылды. Олардың ішінде:

- 41 – абаттандыру ережесін бұзу (ӘҚБ-ТК 505-бап),
 - 39 – қоғамдық орында ішімдік ішу (440-бап),
 - 15 – мас күйінде көлік басқару (608-бап),
 - 8 – темекі тартуға қатысты заң бұзушылықтар (441-бап),
 - 27 – жол ережесін бұзу (615-бап)
- сынды жайттар бар.

Қапшағай су қоймасындағы судың сапасы тұрақты бақылауда. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Нариман Орынбасаровичтің айтуынша, ай сайын су сынамалары алынып, зертханалық талдау жүргізіледі. Нәтижесінде су санитарлық нормаларға толық сай келеді және шомылуға рұқсат етілген.

Жағажайларға баратын жолдарды жөндеу жұмыстары да кезең-кезеңімен атқарылуда. 2024 жылы Сейфуллин көшесінен «Море Люкс» демалыс аймағына дейінгі жол (1,7 км) 88,6 млн теңгеге жөнделді. 2025 жылы «Ривьера» және төрт жағажайға дейінгі жол (1 км) – 47



млн теңгеге жаңартылмақ. Сонымен қатар, Бөктер стансасынан Солтүстік жағажайға дейінгі жол (1,1 км) жөнделіп жатыр. Жұмысты 2025 жылдың қыркүйегіне дейін аяқтау көзделуде.

2025–2028 жылдар аралығында қалада жалпы құны 306,4 млрд теңгені құрайтын 11 инвестициялық жоба жүзеге асырылады. Оның ішінде қонақүйлер, бассейндер, гольф-клуб, сауда-ойын-сауық орталықтары және өзге де инфрақұрылымдық нысандар бар.

Аталған жобаларға әкімдік тарапынан тиісті мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

Аталған жұмыстар Мемлекет басшысының еліміздегі туристік инфрақұрылымды дамыту және қауіпсіз демалысты қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасымен үндесіп, жергілікті деңгейде нақты іске асуда.

Бұрын бұл аумақтар бейберекет және қараусыз күйде болса, бүгінде олар біртіндеп бірыңғай стандартқа келтіріліп, демалушылар үшін қауіпсіз әрі жайлы кеңістікке айналады.

Қонаев жағажайларындағы жұмыстар тек инфрақұрылыммен шектелмейді. Бұл – қауіпсіз, қолайлы және заманауи демалыс аймақтарын қалыптастыруға бағытталған ауқымды әрі жүйелі жұмыс. Мемлекет, бизнес және қоғам арасындағы өзара ықпалдастық Қапшағай жағалауын өңірлік туризмнің жаңа орталығына айналдыруға мүмкіндік бермек.

Назерке ИНАҚЫНОВА

ЦЕНЫ НА ВАЖНЫЕ ЛЕКАРСТВА В КАЗАХСТАНЕ БУДУТ СНИЖЕНЫ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПОДПИСАЛО СОГЛАШЕНИЯ С КРУПНЫМИ ФАРМАЦЕВТИЧЕСКИМИ КОМПАНИЯМИ О СНИЖЕНИИ ЦЕН НА РЯД ДОРОГОСТОЯЩИХ И СОЦИАЛЬНО ЗНАЧИМЫХ ЛЕКАРСТВ. ОБ ЭТОМ СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА МИНЗДРАВА РК.

Согласно официальной информации, меморандумы о сотрудничестве заключены с тремя ведущими производителями: АО «Химфарм», ТОО «Johnson & Johnson Kazakhstan» и ТОО «АстраЗенека Казахстан». Эти договорённости направлены на то, чтобы сделать важные препараты доступнее для граждан, особенно для пациентов, нуждающихся в длительном и дорогостоящем лечении.

Министр здравоохранения Акмарал Алыназарова подчеркнула, что такие соглашения — это не просто про бизнес. Это вклад в здоровье нации:

«Мы уверены, что снижение цен усилит стабильность на рынке лекарств, даст больше пациентам доступ к современным препаратам и привлечёт дополнительные инвестиции в отрасль», — заявила она.

Что именно изменится:

• Компания AstraZeneca снизит цены на несколько жизненно важных препаратов, в том числе тех, что уже производятся на территории Казахстана. По данным представителя компании, это поможет обеспечить необходимым лечением миллионы пациентов, особенно тех, кто нуждается в инновационной терапии.

• Компания Johnson & Johnson Kazakhstan согласилась пересмотреть стоимость препарата Спинраза (Нусинерсен) — одного из самых дорогих в мире, который применяется при редком, но тяжёлом заболевании — спинальной

мышечной атрофии. Снижение цены сделает лечение доступнее для детей и взрослых, которым ранее такая терапия была недостижимой.

• АО «Химфарм» снизит цену на препарат Дапаглифлозин, используемый при сахарном диабете 2 типа. Это особенно важно, учитывая, что в Казахстане более 520 тысяч человек страдают этим заболеванием. Почти все они — пациенты с диабетом 2 типа, который требует постоянного и дорогостоящего лечения.

Кроме того, как уточнили в пресс-службе, соглашения включают целый ряд важных условий:

- соблюдение ограничений по торговым наценкам;
- контроль ценовой динамики;
- обмен международным опытом;
- развитие финансирования инновационных препаратов;
- предложения по улучшению законодательства в сфере лекарственного обеспечения.

Снижение цен на такие препараты поможет не только пациентам, но и государству — за счёт оптимизации расходов на медицину. Это значит, что больше людей смогут получать необходимую помощь бесплатно или по сниженной стоимости.

Минздрав РК призвал другие фарм-компании также подключиться к инициативе и поддержать курс на социально ответственное развитие. Как отмечают в ведомстве, доступ к качественным лекарствам — это не привилегия, а базовое право каждого человека.

Дина АМИРОВА



2025 ЖЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР 3 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

15 ШІЛДЕ КҮНІ ӨТКЕН ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА МИНИСТР СВЕТЛАНА ЖАҚЫПОВА ВЕДОМСТВОНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТАҒЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН БАЯНДАП, НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ТОЛЫҚ МӘЛІМЕТ БЕРДІ. БҮЛ ТУРАЛЫ ҚР ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

Әлеуметтік төлемдер және зейнетақылар

Министрдің айтуынша, 2025 жылдың алғашқы алты айында мемлекет барлық әлеуметтік міндеттемелерді уақытылы және толық көлемде орындады. Осы кезеңде әлеуметтік төлемдермен 4,7 миллион азамат қамтылып, шамамен 3 трлн теңге көлеміндегі қаражат игерілді. Жалпы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жылдық бюджеті 6,1 трлн теңгені құрайды.

«Жыл басынан бастап барлық төлемдер индекстеліп, базалық зейнетақыны кезең-кезеңімен арттыру жұмыстары жалғасып жатыр», – деді министр.

Жұмыспен қамту және еңбек нарығы

Светлана Жақыпова Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2029 жылға қарай 3,3 миллион азаматты жұмыспен қамту жоспарланғанын, бүгінгі таңда бұл көрсеткіштің 66,5%-ға орындалғанын мәлімдеді.

Оның айтуынша, өңірлік жұмыспен қамту карталары аясында 250 мың адам тұрақты жұмысқа орналастырылды. Бұл жұмыс орындарының барлығы міндетті зейнетақы жарналарымен расталған.

Еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасына сәйкес 2029 жылға дейін сапалы жұмыс орындарының саны 3,8 миллионға жетуі тиіс. Қазіргі

таңда экономикада 2,6 миллион сапалы жұмыс орны тіркелген (2024 жылы – 2,4 млн, 2023 жылы – 2,2 млн).

Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау мақсатында биыл 4,2 мың грант берілді. Сонымен қатар, платформалық жұмыспен қамтуды реттеу аясында Яндекс платформасы арқылы жұмыс істеп жатқан 87 мың адамның қызметі мен әлеуметтік қорғалуы заңды түрде рәсімделген. Қазір өзге де платформалық операторлармен жұмыс жалғасуда.

Көші-қон саясаты және шетелдік жұмыс күші

2025 жылға арналған шетелдік жұмыс күшін тарту квотасы 16,5 мың адамға белгіленіп, оның 14,2 мыңы бойынша рұқсат берілді. Министрдің айтуынша, еңбек инспекциясы шетелдік жұмысшылармен еңбек шарттарының заңдылығын бақылау үшін жүйелі өзара іс-қимыл жүргізіп келеді. Қазіргі уақытта тіркелген рұқсат-

тардың 9 мыңнан астамы еңбек шарттарымен рәсімделген.

Сұранысқа ие мамандықтар тізіміне 51 мамандық енгізіліп, осы бағыт бойынша 566 жұмысшы тартылды. Сондай-ақ, Қазақстан азаматтарының шетелдегі еңбек құқықтары үкіметаралық келісімдер аясында қорғалатыны хабарланды.

Көші-қон бойынша оң сальдо 3,8 мың адамды құрады, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 3,1%-ға көп. Солтүстік өңірлерге 2 мыңнан астам қандас пен қоныс аударушы көшірілді. 2025 жылдың 1 шілдесіне дейін кері көшу фактілері тіркелмеген.

Мүгедектігі бар адамдарды қолдау және әлеуметтік қызметтер

Министрдің мәлімдеуінше, мүгедектігі бар адамдарды қолдау бағытында 285,7 млрд теңге көлемінде жәрдемақылар мен төлемдер жасалды. Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 300 мыңнан астам техникалық оңалту құралдары мен қызметтер көрсетілген. Сонымен қатар, 18,6 мың азамат инвентакси қызметін пайдаланған.

2025 жылдан бастап арнаулы әлеуметтік қызметтерді лицензиялау енгізіліп, бүгінгі күні 568 орталық лицензия алды. Жаңа кәсіби стандарттар бойынша 10,5 мың әлеуметтік қызметкер оқытылды. Біліктілікті тану орталығы құрылды.

Министр мүгедектікті анықтау процесіне жасанды интеллект енгізу жұмыстары аяқталуға жақын екенін хабарлады. Бұл бастама медициналық ақпараттық жүйелердің дайындығына байланысты жүзеге асырылады.

Еңбек қауіпсіздігі және құқықтық бақылау

Светлана Жақыпова Мемлекет басшысының биылғы жылы еңбек қауіпсіздігіне ерекше назар аударғанын атап өтті. Осы тапсырма аясында ҚР Төтенше жағдайлар министрлігімен бірлесіп Жол картасы әзірленіп, ірі кәсіпорындарда еңбекті қорғау талаптарының сақталуы тексерілуде.

Министрдің мәліметінше, өндірістік жарақат алу жағдайлары 16,6%-ға, ал өлім жағдайлары 15,6%-ға төмендеген. 3 мыңнан астам кәсіпорын тәуекел аймағынан шығарылып, 23 мың жұмысшының еңбек құқықтары қорғалған. Тексеру нәтижесінде 3 608 құқықбұзушылық жойылып, 234 млн теңге көлемінде айыппұл салынған. Сонымен қатар, 755,4 млн теңге жалақы бойынша берешек өтелген.

Бірыңғай цифрлық платформ

Министр отырыста Бірыңғай цифрлық платформаның енгізіліп жатқанын да хабарлады. Бұл жүйеге барлық өңірлер 2025 жылдың шілде айының соңына дейін қосылады деп жоспарлануда. Платформа мемлекеттік қолдау шараларының мақсатты сипатын қамтамасыз етуге бағытталған.

Ерлік КЕБЕКБАЙ

БУДЬ ОСТОРОЖЕН, КАРАКУРТ: КАК НЕ СТАТЬ ЖЕРТВОЙ ЯДОВИТОГО ПАУКА



С наступлением летнего сезона жители Алматинской области всё чаще сталкиваются с проявлениями дикой природы, в том числе — с активностью одного из самых опасных пауков Казахстана. Речь идёт о каракурте (*Latrodectus tredecimguttatus*) — чёрном блестящем пауке с ядовитым укусом, который может представлять серьёзную опасность как для человека, так и для домашних животных.

По данным санитарных служб, пик активности каракуртов в регионе приходится на период с середины мая по конец июня. Именно в это время начинается их миграция — пауки покидают старые

укрытия и ищут защищённые места для размножения. Они могут селиться в подвалах, дровяных сараях, под камнями, в сухой траве и даже в жилых помещениях при наличии щелей или мусора. Особенно внимательно следует относиться к дачным участкам, где тепло, влажно и есть укромные уголки.

Каракурт опасен не только из-за наличия яда, но и потому, что его укус нередко остаётся незамеченным. С латинского *Latrodectus* переводится как «скрытно жалящий»: человек может почувствовать лишь лёгкий укол, похожий на прикосновение сухой травинки. Однако спустя

15–30 минут начинают проявляться симптомы: резкая боль в месте укуса и мышцах живота, груди или поясницы, обильное потоотделение, слабость, повышенная тревожность, скачки давления и температуры тела. При отсутствии своевременной помощи состояние может резко ухудшиться.

Как пояснили в многопрофильной городской больнице города Конаев, опасность каракурта заключается именно в скрытом начале отравления:

«Человек часто не понимает, что его укусили, и обращается к врачу только тогда, когда появляются сильные боли

и судороги. Мы рекомендуем в случае любого непонятного укуса немедленно промыть его, приложить холод и вызвать скорую. Ни в коем случае нельзя греть рану или заниматься самолечением».

Специалисты больницы также подчёркивают, что яд каракурта может нанести вред не только взрослым, но и детям, пожилым людям, а также ослабленным пациентам и животным. Поэтому профилактика особенно важна.

Чтобы обезопасить себя и своих близких, врачи и санитарные службы рекомендуют соблюдать следующие меры предосторожности:

- Не работать в траве или мусоре без перчаток и закрытой одежды;
- Перед сном или работой тщательно проверять одежду, обувь, постельные принадлежности;
- Регулярно убирать подвалы, хозяйственные и другие потенциальные места обитания пауков;
- Не оставлять обувь, сумки и одеяла на открытом воздухе;
- Следить за местами обитания домашних животных.

В случае укуса необходимо немедленно обратиться в ближайшее медицинское учреждение. Врачи напоминают: своевременное обращение — залог эффективного лечения.

С наступлением лета повышается не только температура воздуха, но и уровень природных рисков. Будьте внимательны, особенно в сельской местности и при выездах на природу. Соблюдение элементарных правил гигиены и осторожности поможет сохранить здоровье и избежать неприятных последствий.

Дина АМИРОВА

В КАЗАХСТАНЕ СНИЗИЛИСЬ ПОКАЗАТЕЛИ МЛАДЕНЧЕСКОЙ И МАТЕРИНСКОЙ СМЕРТНОСТИ

По итогам первых пяти месяцев 2025 года в Казахстане зафиксировано снижение показателей младенческой и материнской смертности. Об этом сообщила пресс-служба Министерства здравоохранения Республики Казахстан со ссылкой на данные Бюро национальной статистики.

Согласно официальной информации, младенческая смертность по сравнению с аналогичным периодом прошлого года снизилась на 26,3%. Материнская смертность сократилась на 9,7% по итогам шести месяцев. Положительные изменения в указанных показателях обусловлены планомерной реализацией мероприятий по развитию системы родовспоможения, неонатальной и педиатрической помощи, а также модернизацией подходов к ранней диагностике и лечению врождённых патологий у детей.

По информации Министерства здравоохранения, ежегодно в Казахстане около 1 500 новорожденных с врожденными пороками развития получают хирургическое лечение. Для своевременного выявления и оказания помощи создана разветвлённая инфраструктура, включающая клиники одного дня, центры охраны плода, центры раннего вмешательства и развития. На сегодняшний день в стране функционируют 40 центров по лечению детей с врождёнными пороками развития, а также 20 специализированных центров охраны зрения и слуха.

По данным ведомства, в результате проводимой работы зафиксировано снижение первичной инвалидности у детей с врождёнными пороками на 7,5%. Выживаемость новорожденных увеличилась с 88% до 93%. Эти показатели отражают эффективность действующих программ и инициатив, направленных на повышение доступности и качества медицинских услуг.

Дополнительным фактором повышения качества медицинской помощи стало расширение сети реабилитационных учреждений. В настоящее время в республике функционируют 75 реабилитационных центров, 25 из которых были открыты в рамках инициативы «Камкорлық». Эти учреждения оказывают помощь детям с особыми потребностями, обеспечивая им непрерывное сопровождение на этапе раннего детства и школьного возраста.

Для обеспечения системы квалифицированными кадрами восстановлена базовая специальность «Педиатрия». Также предусмотрена подготовка специалистов через резидентуру по 14 педиатрическим направлени-



ям, включая неонатологию, детскую хирургию, неврологию и другие области.

С июня 2024 года в стране введено повышение тарифов на медицинские услуги по пяти ключевым профилям, связанным с родовспоможением и детством. Тарифы увеличены на 40%, что позволило улучшить финансирование учреждений здравоохранения, оптимизировать работу специалистов и повысить доступность помощи для населения, особенно в отдалённых и сельских регионах.

При этом, несмотря на снижение рождаемости на 14,6% и уменьшение естественного прироста населения на 20,3%, в сфере охраны материнства и детства наблюдается устойчивая положительная динамика. Министерство здравоохранения продолжает реализацию приоритетных направлений в рамках национальных стратегий, обеспечивая системную поддержку беременным женщинам, матерей и детей по всей территории республики.

Дина АМИРОВА

ЭНТЕРОВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ



Энтеровирусты инфекция – вирусты ішек инфекцияларының тобына кіретін жұқпалы ауру. Энтеровирустық инфекциялардың берілуі нәжіс-ауыз (су, тағам және тығыз қарым-қатынас арқылы) және ауа-тамшы жолдары (жөтел арқылы) арқылы жүзеге асырылады.

Ауру маусымдық сипатқа ие, инфекцияның таралуы көктем-жаз және жаз-күз мезгілдерінде туындайды. Жұқтырылуы су, тамақ өнімдері, сондай-ақ науқастың нәжісі, жөтелген және түшкірген кезде өте ұсақ сілекей тамшылары мен қақырық арқылы жүреді. Инфекция ашық суқоймаларында шомылу кезінде өте жиі жұғады.

Энтеровирустар сыртқы ортаға төзімді: төмен температураларға шыдамды (тоңазытқышта бірнеше апта бойы сақталады), құбырмен келетін суда 18 күнге дейін тіршілігін жоймайды, өзеннің суында бір айға жуық, тазартылған ағынды суда екі айға дейін тіршілік етеді. Вирус жылыту, қыздыру, қайнату кезінде, құрамында хлор бар препараттардың, ультракүлгін сәулеленудің әсерінен жылдам жойылады.

Ауру температураның 38-40°С-ға дейін көтерілуінен, әлсіздіктен, бастың ауыруынан, лоқсудан, құсудан және көздің қарығуынан басталады. Бұл симптомдар жүрек тұсының, іштің, бұлшықеттің, тамақтың ауыруымен, доғашықтағы және бадамша бездердегі ұшық бөртпелерімен қатар жүруі мүмкін. Кейбір жағдайларда мұрынның бітелуі, жөтел байқалады. Аурудың 1-2-күндері негізінен қолда, аяқта, ауыз қуысында және оның айналасында 24-48 сағаттың ішінде (кейде 8 күн) болатын, кейін жоғалып кететін бөртпе пайда болады.

Көрсетілген белгілерге шағымдар пайда болған жағдайда ауру өздігінен өтеді деп күтпей, тез арада дәрігерге баруыңыз қажет, өз бетіңізше емделуге тырыспаңыз.

Энтеровирусты инфекцияның алдын алу шаралары кез келген жіті ішек инфекциясы кезіндегі шараларға ұқсас – мынадай қағидаларды сақтаған жөн:

- ішу үшін тек қана қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану;
- тамақ ішер алдында және дәретханаға барғаннан кейін қолды сабынмен жуу, жеке және қоғамдық гигиена қағидаларын қатаң сақтау;
- жеміс пен көкөністі пайдаланар алдында оларды щетканы қолдана отырып мұқият жуу және кейіннен қайнатылған сумен шаю;
- ресми рұқсат етілген жерлерде ғана шомылу, шомылу кезінде суды жұтпауға тырысу;
- азық-түлікті сатуға рұқсат етілмеген жерлерден сатып алмау.

Емдеуден гөрі қарапайым профилактика шараларын сақтай отырып, аурудың алдын алу жеңіл екендігін есте ұстаңыз!

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы Н.Медетов

ҚАРЖЫ БАЛАБАҚШАҒА ЕМЕС, БАЛАҒА БӨЛІНЕДІ

Маусым айынан бастап Қонаев қаласындағы балабақшалар ваучерлік жүйеге көшті. Пилоттық жобаның мақсаты – мектепке дейінгі білім беру саласында қызмет көрсететін ұйымға кезекке қою, қабылдау процестерін және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды автоматтандыру, оған бағытталған бюджет қаражатының нысаналы мақсатын сақтауды қамтамасыз ететін жаңа қатысушыларды тарту арқылы ашықтығын қамтамасыз ету және жетілдіру.

Жаңа жүйенің артықшылығына тоқталар болсақ, ата-аналардың баласын мемлекеттік немесе жеке балабақшаға беруді өздері таңдауға мүмкіндігі болады. Бұл барлық балабақшаның балалар үшін жұмыс істеуіне және меншік нысанына қарамастан, заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып, мемлекеттік тапсырысқа өтініш беруіне ықпал етеді.

Ата-аналар жоғарыдағы бұйрыққа сүйеніп ваучер алды, маусым айынан бастап жүзеге асырылып жатыр. Ата-ана тарапынан қалай алу керек екендігі туралы сұрақтар туындады. Бүгінгі күнге дейін 10 бала ваучермен қабылданды. 50 ата-анаға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №372 бұйрығына сүйеніп, Қонаев қалалық «Балауса» бөбекжай-балабақшасы ваучер алды. Маусым айынан бастап 50 ата-анаға түсін-



діру жұмысы жүргізілді. Туындаған сауалдарға жауап берілді. Бүгінгі күнге дейін 10 бала ваучермен қабылданды.

Ваучерлік қаржыландыру баланың балабақшаға баруы бойынша жүзеге асырылады. Қаражат балабақшаға емес, тікелей балаға бөлінеді. Бұл балабақшалар арасында әділ бәсекелестік қалыптастыруға септігін тигізеді.

Т. ӘБИШЕВА,
«Балауса» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі

ВАУЧЕРЛІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ – БАЛАБАҚШАДА

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ САЛАСЫНА ЕНГІЗІЛГЕН ВАУЧЕРЛІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ АТА-АНАЛАР МЕН БАЛАБАҚША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ НАЗАРЫНДА. ЖАҢА ЖҮЙЕНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҮЗЕГЕ АСУ БАРЫСЫ ЖАЙЫНДА «БАЛАУСА» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ МЕҢГЕРУШІСІ Т.АБИШЕВА АТА-АНАЛАРҒА ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ.

Ваучер дегеніміз бұл мемлекеттен ата-анаға баласын жекеменшік немесе мемлекеттік балабақшаға беруге арналған қаржылай қолдау тетігі

Яғни, ата-ана баласын қалаған балабақшаға беріп, төлемнің белгілі бір бөлігін мемлекет өтейді.

– Бұл жоба Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №372 бұйрығына сәйкес жүзеге асырыла бастады. Бұйрықта ваучерлік қаржыландыруды енгізу жөніндегі пилоттық жобаның барлық алгоритмдері мен іс-шаралар кестесі нақты бекітілген.

«Балауса» бөбекжай- балабақшасы 2025 жылдың 1 маусымнан бастап осы жүйе бойынша жұмыс істей бастады. Ата-аналар <https://gu.almobl.kz> порталы арқылы өтініш беріп, ваучер рәсімдейді. Ваучер баланың балабақшада болу құнының бір бөлігін жабады. Қаржыландыру

балабақшаға тікелей баланың баруын растағаннан кейін беріледі.

Барлық ваучерлер тең, жеңілдіктер жоқ. Бұрын күту парағына тұрған адам бірінші орынға ие болады. Өтініштер өтініш берілген күн мен уақыт бойынша автоматты түрде сұрыпталады Бұл жүйе ата-аналарға балабақша таңдауда еркіндік беріп, білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға бағытталған.

«Балауса» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі Т.Абишева

«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН «ҰЛЫ ДАЛА» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫНА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ ЖАЛҒАСУДА

Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы Дала» республикалық байқауы аясында 18 бен 45 жас аралығындағы авторлардан өтінімдер қабылдануда. Бұл туралы партияның ресми хабарлама-сында айтылды.

Байқаудың негізгі мақсаты — Абай мұрасындағы «толық адам», «еңбек», «ғылым», «тәрбие» секілді ұғымдарды көркем әдебиет арқылы насихаттау және оларды қазіргі әдеби үрдіспен байланыстыру.

Сонымен қатар, 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялануына байланысты бұл тақырып та байқау номинацияларына енгізілген.

Қатысушылар төмендегі бағыттар бойынша шығармаларын жолдай алады:

- проза,
- поэзия,
- драматургия,
- әдеби сын,
- балаларға арналған шығарма (фантастикалық жан-рға рұқсат етіледі).

Байқау шеңберінде бірқатар арнайы жүлделер тағайындалған:

- Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына,
- Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына,

– «Алаш аманаты» тақырыбына арналған шығармалар.

Шығармалар 2025 жылғы 1 шілдеден 30 қазанға дейін қабылданады. Материалдар бүркеншік атпен ulydala@amanatpartiasy.kz электрондық поштасына жолдануы тиіс. Іріктелген туындылар aikyn.kz сайтындағы «Ұлы Дала» айдарында жарияланып отырады.

Қазылар алқасы 1–15 қараша аралығында үздік шығармаларды анықтайды. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі Астана қаласында өтеді.

Байқауға қатысты толық ақпарат пен қатысу талаптары amanatpartiasy.kz сайтында қолжетімді.

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУЛЕР МЕН ТЕКСЕРУЛЕРДЕН ӨТУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Кез-келген қызмет саласында жұмыс істейтін адамдар үшін олардың денсаулық деңгейін бақылап отыру маңызды. Кәсіпорындардың әкімшілігі меншік түріне қарамастан өз кәсіпорнындағы жұмысшылар арасындағы аурушандық көрсеткіштерін зерделеп отыруы қажет.

Міндетті медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидалары мен мерзімділігі және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 86-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 185-бабына сәйкес, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленген.

Медициналық қарап-тексеру ауруларды, оның ішінде кәсіптік ауруларды, улануларды, жазатайым оқиғаларды анықтауға және олардың таралуының алдын алуға, сондай-ақ жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігін және денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған уақтылы медициналық зерттеп-қарауды қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

Медициналық қарап-тексерулердің түрлері: міндетті және профилактикалық болып бөлінеді.

1. Міндетті медициналық қарап-тексерулер алдын ала, мерзімдік, ауысым алдындағы (рейс алдындағы), ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) болып бөлінеді.

Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер жұмысқа орналасу немесе оқуға түсу кезінде кәсібі немесе оқуы бойынша міндеттерді орындауға жарамдылығын анықтау, сондай-ақ жалпы, кәсіптік аурулардың алдын алу мен инфекциялық және паразиттік ауруларды таратпау мақсатында жүргізіледі.

Мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жұмыс істейтіндердің денсаулық жағдайына динамикалық байқауды қамтамасыз ету, аурулардың бастапқы белгілерін уақтылы анықтау, жалпы, кәсіптік аурулардың алдын алу мен инфекциялық және паразиттік ауруларды таратпау мақсатында жүргізіледі.

Ауысым алдындағы (рейс алдындағы) міндетті медициналық қарап-тексерулер жеке тұлғада аурудың бар екенін немесе жоқ екенін анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздығын, түсетін ауысымда (рейсте) жұмысқа кәсіби жарамдылығын, оның ішінде алкогольдік, есірткілік немесе өзге де уыттық мастықты және осындай мастықтың қалдық құбылыстарын айқындау мақсатында жүргізіледі.

Ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық қарап-тексерулер жұмыс ортасы мен еңбек процесінің зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторларының жұмыскерлердің денсаулық жағдайына әсер ету, жіті кәсіптік ауру немесе улану белгілерін, алкогольдік, есірткілік немесе өзге де уыттық мастық белгілерін анықтау мақсатында жұмыс күні (ауысым, рейс) аяқталған соң жүргізіледі.

2. Профилактикалық медициналық қарап-тексерулер балалар арасында жүргізіледі және кейіннен динамикалық байқау және сауықтыру арқылы аурулардың пайда болуының алдын алуға және оларды ерте диагностикалауға бағытталған медициналық және өзге де іс-шаралар кешенін қамтиды.

Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен мерзімділігін уәкілетті орган бекітеді.

Профилактикалық және міндетті медициналық қарап-тексерулердің жүргізілуі мен олардан өтудің уақтылылығын, сапасын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бақылайды.

Міндетті медициналық қарап- тексерудің тәртібі мен шарты

Жеке медициналық кітапша - міндетті медициналық қарап-тексерудің нәтижелері енгізіліп және жұмысқа жіберілу туралы белгі қойылатын дербес құжат болып табылады.

Жеке медициналық кітапшаларға жұмысқа жіберу белгісі қойылған соң жұмыс істеуге рұқсат етіледі.

Жеке медициналық кітапшаны беруді медициналық қызметке лицензиясы бар ұйым жүзеге асырады.

Міндетті медициналық тексеріп-қарауларды жүзеге асыратын ұйым басшысының бұйрығымен міндетті медициналық тексеріп-қараулар және зертханалық зерттеулер нәтижелері бойынша жеке медициналық кітапшаны есепке алу, жүргізу және беруге жауапты тұлға терапевт дәрігер тағайындалады.

Жеке медициналық кітапшада жұмысқа жіберу мерзімі, маманның Т.А.Ә. мен қолы және денсаулық сақтау субъектісінің мөрі (бар болса) көрсетіледі.

Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде-мекші, сауықтыру – ең дұрыс ем. Медициналық тексерістен өту арқылы аурудың алдын алуға да болады. Медициналық тексеріс құқықтық тұрғыдан да міндетті болып табылады, бұл анықтамасыз оқуға да, жұмысқа да қабылдамайды, тіпті қандай да бір елге баруға да тыйым салуы мүмкін.

«Қонаев қаласының СЭББ» РММ басшысы Медетов Н.О.

1 «Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату»тақырыбына қоғамдық тыңдау
2. Әсер ету аумағы: Алматы обл., Алатау қ., өнеркәсіптік аймақ, №137/1 «Арна» учаскесі
3. Қоғамдық талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдаулар 29.07.2025 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде өтеді.
Интернет ресурстары: ndbecology.gov.kz
4. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: « Софарма Казахстан» ЖШС
Өкілі: Ким Евгения Викторовна
Байланыс телефоны: 8 747 500 40 30
5. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі материалдар сайтта орналастырылған: esportal.kz және «Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы»ММ
6. Медициналық қалдықтарды кәдеге жарату материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай Мен нөмір бойынша танысуға болады: Алматы қ., ш/ а. Мамыр-4, 190 үй, тел: 8 747 5004030
7. Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: ndbecology.gov.kz және электрондық поштаға gkp_proekt@mail.ru

1 Общественные слушания на тему «Утилизация медицинских отходов»
2. Территория воздействия: Алматинская обл., г. Алатау, промышленная зона, участок «Арна» №137/1
3.Общественные слушания в форме публичный обсуждений состоятся в период с 29.07.2025 г. в течении 10-ти рабочих дней.
Интернет ресурсы: ndbecology.gov.kz
4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО « Софарма Казахстан «
Представитель: Ким Евгения Викторовна
Контакты: тел.8 747 500 40 30
5. Материалы по утилизации медицинских отходов размещены на сайте: esportal.kz и ГУ «Управление природных ресурсов и регулирование природопользования Алматинской области»
6. Дополнительную информацию по материалам утилизации медицинских отходов можно ознакомиться по адресу и номеру: г. Алматы, мкр. Мамыр-4, д. 190, тел: 8 747 5004030
7. Замечания и предложения принимаются: по ссылке ndbecology.gov.kz и на электронную почту gkp_proekt@mail.ru

Ввиду открытия наследства после смерти гражданки Рысбаевой Улжалгас Калиевны, умершей 14.11.2024 года, просим всех наследников обращаться к нотариусу Баймукановой Г.Т. по адресу: г. Конаев, 4 мкр, дом 30 или по телефону: 8-705-575-40-11

Ввиду открытия наследства после смерти гражданки Оразовой Ботагоз Рамазановны, умершей 17 апреля 2025 года, просим всех наследников обращаться к нотариусу Астаны Оразалиновой А.М. по адресу: г. Астана, проспект Кabanбай Батыра, 11/5, блок 2, этаж 10, офис 1008 (бизнес центр Нурлы Орда) или по телефону: 8-775-433-40-30

Ввиду открытия наследства после смерти гражданки Абдраимовой Забиры Адильжановны, умершей 09.01.2025 года, просим всех наследников обращаться к нотариусу Баймукановой Г.Т. по адресу: г. Конаев, 4 мкр, дом 30 или по телефону: 8-705-575-40-11

Разыскиваются наследники гр. ЖАНБЫРБАЕВА АЯНА НИГИЗБЕКОВИЧА, умершего 22-01-2025 года. Заявления от наследников о принятии (отказе) от наследства надлежит подать по адресу: город Қонаев, 1 мкр, 39/5 (рядом с ЦОНОм) нотариус Бахтиярова Н.С. справки по тел. 8(702) 9472158

Судом города Конаев Алматинской области возбуждено гражданское дело по заявлению Джанхотовой Раисы Алиевны, проживающей по адресу: Алматинская область, город Конаев, микрорайон 3, дом 14, квартира 76, о признании Охаева Резванбека Адамовича, 23.04.1979 года рождения, ИИН790413303097 безвестно отсутствующим. Лицам, имеющим сведения о месте пребывания указанного гражданина просим сообщить об этом в суд города Конаев Алматинской области по адресу: Алматинская область, города Конаев, улица Абая, 5, судье Хамитову Р.Т. в трёхмесячный срок со дня опубликования настоящего объявления.

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСУДА

БИЫЛ МАУСЫМ АЙЫНАН БАСТАП ҚОНАЕВ ҚАЛАЛЫҚ «ИСКОРКА» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ ВАУЧЕРЛІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШТІ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІНІҢ 2024 ЖЫЛҒЫ 30 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ №372 БҰЙРЫҒЫНА СӘЙКЕС ҚОЛҒА АЛЫНҒАН АТАЛҒАН ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ЕЛІМІЗДЕГІ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРҒА ЗАМАНАУИ СЕРПІН БЕРУДІ, АТА-АНАЛАР ҮШІН ТАҢДАУ ЕРКІНДІГІН АРТТЫРУДЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫ ТІКЕЛЕЙ БАЛАҒА БАҒЫТТАУДЫ КӨЗДЕЙДІ.

Ваучерлік жүйе — бұл әр балаға жеке түрде бекітілетін мемлекеттік қаржыландыру. Яғни ата-ана балабақшаны өз қалауынша таңдай алады, ал мемлекет сол баланың тәрбиесі мен оқуы үшін бөлінген қаржыны тікелей сол мекемеге аударады. Бұл тәсіл білім беру ұйымдары арасында бәсекелестікті арттырады, қызмет сапасының жақсаруына ықпал етеді, ата-аналарға балабақша таңдауда еркіндік береді.

«Искорка» бөбекжай-балабақшасында жаңа жүйе бірқатар сатылар бойынша

жүзеге асырылды. Атап айтқанда, әр балаға электронды ваучер берілді. Ол арқылы баланың балабақшадағы орны мемлекет тарапынан қаржыландырылып отыр. Ата-аналар <https://gu.almobl.kz/> порталы немесе жергілікті білім беру басқармасының арнайы платформасы арқылы онлайн өтінім берді. Әкімшілік ата-аналармен жүйелі ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізді. Арнайы жиналыстар ұйымдастырылып, кеңес беру бұрыштары ашылып, тәжірибелік көмек көрсетілді. Ата-анамен жеке байланыс

орнатылып, өтінім беру тәртібі бойынша қадамдық түсіндіру жүргізілді. Нәтижесінде ата-аналар тарапынан жүйенің ашықтығы мен қолжетімділігіне жоғары баға берілді.

Ата-аналар өз баласын өз қалауынша мемлекеттік немесе жекеменшік балабақшаға беру мүмкіндігіне ие болды. Мемлекеттік тапсырыс есебінен баланың тәрбиесі тегін не аз мөлшердегі төлеммен қамтамасыз етіледі. Барлық үдерістер электрондық жүйеде жүргізіледі. Әр ата-ана өзінің ваучерінің қай мекемеге аударылғанын нақты көре алады.

Ваучерлік қаржыландыру — бұл тек қаржыландыру тәсілінің жаңаруы емес, әр балаға тең мүмкіндік беру жолындағы әділетті қадам. Мемлекеттік тапсырысты ваучерлік жүйе арқылы іске асыру — білім беру саласындағы жаңаша көзқарас. Бұл — ата-ана мен білім беру мекемесі арасындағы байланысты нығайтып қана қоймай, әр баланың қажеттілігін ескеруге негізделген әділетті тетік. Біздің басты

мақсатымыз — балаларымызға қауіпсіз, сапалы әрі заманауи тәрбие мен білім беру ортасын қалыптастыру. Ата-аналармен бірлесе отырып, бұл жүйені табысты енгізіп келеміз.

Бұл жоба елімізде пилоттық режимде жүзеге асуда. Ваучер алған балалар өздерінің бұрынғы топтарында, сол тәрбиешілермен білім мен тәрбие алуды жалғастыра береді. Балабақша қызметі мен тәртібінде ешқандай өзгеріс жоқ. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы алдағы уақытта да жалғаса береді. Ата-аналар өздерін толғандырған сауалдары бойынша бөбекжай әкімшілігіне жүгіне алады. «Искорка» бөбекжай-балабақшасы бұл бастаманы қолдап, алдыңғы қатардан көрініп отыр. Алдағы уақытта да сапалы қызмет пен ата-анамен серіктестікті басты ұстаным етіп жалғастыра береді.

Дана ОРТАЕВА,
«Искорка» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі

АШЫҚТЫҚ ПЕН ӘДІЛДІКТІҢ КЕПІЛІ



Биыл маусым айынан бастап Алматы облысы орталығындағы мектепке дейінгі білім беру саласындағы маңызды әрі заманауи өзгеріс орын алды. Ваучерлік қаржыландыру әдістемесін қолдана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік тапсырысты орналастыру бойынша еліміздің бірқатар өңірінде оң нәтиже көрсеткен пилоттық жоба Қонаев қаласындағы балабақшаларға да енгізіле бастады. Жаңа жүйе балалардың сапалы білім алуына жағдай жасап, ата-аналарға сенімді таңдау жасау мүмкіндік береді. Сонымен қатар әрбір баланың жеке қабілеті мен ерекшелігіне сәйкес қолайлы білім беру ортасын таңдауға жол ашады. Білім беру қызметінің сапасын арттырып қана қоймай, жүйенің ашықтығын, әділеттілігін қамтамасыз етеді.

Аталған жүйеге әрбір балаға қамқорлықпен қарап, бақытты балалық шақ сыйлауды басты мақсат еткен Қонаев қаласындағы «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасы белсенді түрде қосылды. ваучерлік қаржыландыру аясында сапалы тәрбие мен оқыту жұмысын ұйымдастырып келеді. Жаңа жүйенің тиімділігі туралы ата-аналарды мол мағлұматпен қанықтырған балабақша меңгерушісі Айымкүл Қабышева мұның балабақша таңдауда еркіндік беріп, балаларды мемлекеттік және жекеменшік балабақшаларға әділ әрі ашық түрде орналастыруға мүмкіндік туғызатынын атап өтті.

Баланың жан-жақты дамуына, тәрбиесі мен білім алуына барынша қолайлы жағдай жасайтын мекемеге 1 маусымнан бүгінге дейін ваучер арқылы 50 бала қабылданды. Бұл ата-аналардың жаңа жүйеге деген оң көзқарасын әрі Аймкүл Нұрғожаевна басқаратын ұжымның түсіндіру жұмысының нәтижелілігін көрсетеді. Осы орайда ата-аналардың ваучерлік жүйе төңірегінде туындаған түрлі сауалдарына «egov.kz» порталы мен <https://share.google/WvDzp5mrXhidrcY2K> облыс әкімдігіне қарасты мекемелердің орталықтандырылған деректер базасы арқылы жауап алғанын атап өткен жөн.

Айнұр РАХИМЖАНОВА,
Қонаев қалалық «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасының әдіскері



ҚОҒАМ ИГІЛІГІ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қонаев қаласында тұрғындардың күнделікті өмірін жақсартуға бағытталған жүйелі жұмыстар жалғасып келеді. Соның жарқын дәлелі — жаңғыртудан өткен 2,1 гектарлық жағажай спорт аймағы. Бұған дейін жөндеу көрмеген бұл аумақ биыл қайта түлеп, қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналды.

Қаланың көркіне көрік қосқан аумақта жағажай футболы мен волейболға арналған алаңдар, тоғызқұмалақ пен шахмат секілді зияткерлік ойындарға арналған үстелдер, балалар мен жасөспірімдерге лайықталған воркаут пен ойын алаңдары орнатылған. Ең бастысы — бұл нысан тек спортпен шектелмейді. Ол — ұлт рухын ұлықтаған кеңістік. Жаяу жүргінші жолдары қазақы оюмен өрнектеліп, кіреберіс тұсқа алтыбақан қойылған. Алаң ортасындағы ақ кеседен төгілген гүлді композиция сұлулығымен де, мағынасымен де ерекше.

Мұндай өзгерістер халық назарынан тыс қалған жоқ. Жөндеу жұмыстарын жүзеге асырған «Қонаев Көркейту» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қызметіне жергілікті тұрғындар жоғары баға беруде.

— Кешкі уақытта достарымызбен келіп, футбол ойнаймыз. Алаң өте жақсы жабдықталған. Қауіпсіз әрі жайлы. Мұндай орындардың көбеюі біз үшін үлкен мүмкіндік, — дейді қала тұрғыны Айдос Ескелдинов.

Қалалық ТҮКШ бөлімінің басшысы Тимур Ақмырзаевтың айтуынша, тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мен бос уақытты тиімді ұйымдастыру — басты мақсаттардың бірі.

— Жаңа алаң жағажай спорт аймағының дәл жанындағы Кроссфит алаңымен бірге біртұтас спорттық кеңістік қалыптастырды. Қазірдің өзінде бұл жер қала тұрғындарының күнделікті демалатын орнына айналып үлгерді. Мұндай қоғамдық кеңістіктерді одан әрі көбейту жұмыстары жалғаса береді, — деді ол.

Шолпан ҚАРАЕВА

МЕНШІК ИЕСІ: «Қапшағай тынысы» ЖШС	БАС МАМАН: Аян ҚОНАРОВ, +7 707 612 68 90	ГАЗЕТ КӨЛЕМІ 2 БАСПА ТАБАҚ	• ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН, КОРЕЙ ТІЛДЕРІНДЕ АПТАСЫНА БІР РЕТ ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ. • АВТОРЛАРДЫҢ МАҚАЛАЛАРЫ РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ. • КЕЙБІР МӘТІНГЕ ҚАТЫСЫ ЖОҚ СУРЕТТЕРГЕ ЖАУАП БЕРІЛМЕЙДІ. • ГАЗЕТ РЕДАКЦИЯСЫ АВТОРЛАРМЕН ХАТ АЛЫСПАЙДЫ. МАҚАЛАЛАР ӨНДЕЛЕДІ, АВТОРЛАРҒА ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. «Нұрлы өлке» газетінде жарық көрген мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. • Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.	ГАЗЕТ «Нұрлы өлке» газетінің редакциясында беттеліп, Алматы облысы Іле ауданы Өтеген батыр ауылы Сейфуллин көшесі 2 «В» «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел. 8 (727) 251-78-27, Осы шығарылымның таралымы – 5135 дана.
ДИРЕКТОР Қайрат ТӨЛЕГЕНОВ	ЗАҢҒЕР: АДАЙБЕК БЕЙМБЕТОВ	ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2023 ЖЫЛ 3 АҚПАНДА ҚАЙТА ТІРКЕЛІП, №KZ87VPY00064035 КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.		
БАС РЕДАКТОР НАЗЕРКЕ ИНАҚЫНОВА	МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫ, 19-ШАҒЫН АУДАН 1 «Г» ҮЙ, 2–ҚАБАТ, 040800. ТЕЛ. : 8 (72772) 2-83-80 ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТАМЫЗ: E-MAIL: NURLIOLKE@MAIL.RU			
ЖАУАПТЫ ХАТШЫ-ДИЗАЙНЕР ДӘУЛЕТ ЖОЛДАС				